

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "УКРАЇНСКІ НОВИНІ" ГАЗЕТІН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қантар 1994 ж. N 83

Украин тілі мен мәдениетін өркендету мен түлету процесін қолдау, украин диаспорасының рухани талап-тілектерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Українські новини" газетінің құрылтайшысы міндетін алсын.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі белгіленген тәртіп бойынша "Українські новини" газетін тіркең, редакцияның құрылымы мен штатын, газет шығаруға, қажетті қағаз қоры мен полиграфиялық қуаттарды белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Байланыс министрлігі, Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясына "Українські новини" газетін қаржыландыру, ұйымдық техника, автотранспорт бөлу, материалдық-техникалық қамсыздандыру, байланыс құралдарын орнату міндеттелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі

мемлекеттік комитетіне "Українські новини" газетінің редакциясына қажетті мекен-жай бөлу жүктелсін.

5. Гаркавец Александр Николаевич "Українські новини" газетінің бас редакторы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі